

Туризмнің қосалқы шотын қалыптастыру және туризм саласының негізгі көрсеткіштерін есептеу бойынша әдістемені бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Төрағасының 2018 жылғы 24 сәуірдегі № 54 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 10 мамырда № 16879 болып тіркелді

"Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 12-бабының 5) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ереженің 17-тармағының 258) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Туризмнің қосалқы шотын қалыптастыру және туризм саласының негізгі көрсеткіштерін есептеу бойынша әдістеме бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Ұлттық шоттар басқармасы Заң басқармасымен бірлесіп Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесінің ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының орынбасарына (Г.М. Керімханова) жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитетінің төрағасы*

Н. Айдапкелов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және спорт министрі
_____ А. Мұхамедиұлы
2018 жылғы 26 сәуір

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігінің
Статистика комитеті төрағасының
2018 жылғы 24 сәуірдегі
№ 54 бұйрығымен
бекітілді

Туризмнің қосалқы шотын қалыптастыру және туризм саласының негізгі көрсеткіштерін есептеу бойынша әдістеме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Туризмнің қосалқы шотын қалыптастыру және туризм саласының негізгі көрсеткіштерін есептеу бойынша әдістеме (бұдан әрі – Әдістеме) халықаралық стандарттарға сәйкес қалыптастырылатын және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес бекітілетін статистикалық әдіснамаға жатады.

2. Әдістемені Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Туризмнің қосалқы шотын қалыптастыру және туризм саласының негізгі көрсеткіштерін есептеу кезінде қолданады.

3. Осы Әдістемеді Заңда, сонымен қатар 2001 жылғы 13 маусымдағы "Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған мәндердегі ұғымдар және келесі негізгі анықтамалар пайдаланылады:

1) аралық тұтыну – есепті кезеңде тауарлар мен көрсетілетін қызметтер өндірісіне шығындар ретінде өндіріс процесінде түрленетін немесе толық тұтынылатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтер құны;

2) еңбек өнімділігі – пайдаланылатын ресурстар бірлігіне есептегенде өнім шығарылымын сипаттайтын, өндіріс көлемі мен еңбек ресурстары шығындарының арақатынасын білдіретін өндіріс тиімділігінің көрсеткіші;

3) ел ішіндегі туризмге қатысты тұтыну – тиісті елдің экономикалық аумағы шегінде резиденттер де, бейрезиденттер де болып табылатын келушілердің туристік тұтынуы;

4) жалпы қосылған құн – өндірістік қызметтің соңғы нәтижесін сипаттайды және берілген өндірістік процестегі өңдеумен қосылған құндылықты білдіреді. Салалар деңгейінде тауарлар және көрсетілген қызметтер шығарылымы және аралық тұтыну арасындағы айырма ретінде есептеп шығарылады, өндіріс процесінде тұтынылатын негізгі капиталдың құнын қамтиды;

5) келу туризміне қатысты тұтыну – тиісті елдің экономикалық аумағы шегінде бейрезидент келушілердің туристік тұтынуы;

6) нақты көлем индексі – салыстырмалы кезеңде саладағы өндіріс көлемінің өзгеруін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіш. Базистік кезеңде есептелген және базистік кезеңдегі бағасына белгілі бір құнның ағымдағы кезеңге бөліндісімен есептеледі;

7) ұлттық шоттар жүйесінің тұжырымдамасы бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар – негізгі капиталға материалдық және материалдық емес салымдар;

8) туризм салаларында құрылатын жалпы қосылған құн – өндіретін жалпы өнімінің тұтынушыларға арналғанына не арналғанына қарамастан, және олардың өндірістік процесінің мамандану дәрежесіне қарамастан туризм саласында жұмыс істейтін барлық мекемелер құрайтын жалпы қосылған құнның сомасы;

9) тікелей туризмде құрылатын жалпы қосылған құн – ел ішіндегі туризмге жататын тұтыну серпініне сәйкес тұтынушыларға қызмет көрсетумен тікелей байланысты туризм салаларында және экономиканың басқа салаларында құрылатын, жалпы қосылған құнның бөлігі;

10) туристік шығыстар – тұтыну үшін тауарлар мен қызметтерді, сонымен қатар жеке тұтыну немесе сыйлық ретінде пайдалану үшін туристік сапарға дейін және сапар кезінде сатып алуға жұмсалған ақша қаражаттарының сомасы;

11) шығу туризміне қатысты тұтыну – тиісті елдің экономикалық аумағы шегінен тыс жерде резиденттердің туристік тұтынуы;

12) ішкі туризмге қатысты тұтыну – тиісті елдің экономикалық аумағы шегінде резидент келушілердің туристік тұтынуы.

2-тарау. Туризмнің қосалқы шотын қалыптастыру

4. Туризмнің қосалқы шоты (бұдан әрі – ТҚШ) жыл сайынғы негізде қалыптастырылатын он кесте түріндегі статистикалық көрсеткіштер жүйесін білдіреді.

5. Кестелер көрсеткіштерін келісу үшін ТҚШ қалыптастыру кезінде туристік өнімдер мен туризм саласының жіктелімі пайдаланылады.

6. Туристік өнімдер жіктеліміне туризмге тән тұтыну тауарлары және туризмге қандай да бір қатысы бар өзге де өнімдер кіреді.

7. Туристік өнімдер жіктелімі осы Әдістемеге 1-қосымшада келтірілген.

8. Туризм саласының жіктеліміне типтік туристік өнімдерді өндірумен байланысты экономикалық қызметтің түрлері кіреді.

9. Туризм саласының жіктелімі осы Әдістемеге 2-қосымшада келтірілген.

10. Туристік өнімдер мен туризм саласының жіктелімі ТҚШ-ға кіретін келесі он кестені қалыптастыруға мүмкіндік береді:

Осы Әдістемеге 3-қосымшаға сәйкес 1-кесте "Өнімдер және келушілердің санаттары бойынша бөлінісіндегі келу туризміне қатысты тұтыну" (бұдан әрі – 1-кесте);

Осы Әдістемеге 4-қосымшаға сәйкес 2-кесте "Өнімдер және келушілердің санаттары және сапарлар түрлері бойынша бөлінісіндегі ішкі туризмге қатысты тұтыну" (бұдан әрі – 2-кесте);

Осы Әдістемеге 5-қосымшаға сәйкес 3-кесте "Өнімдер және келушілердің санаттары бойынша бөлінісіндегі шығу туризміне қатысты тұтыну" (бұдан әрі – 3-кесте);

Осы Әдістемеге 6-қосымшаға сәйкес 4-кесте "Өнімдер бойынша бөлінісіндегі ел ішіндегі туризмге қатысты тұтыну" (бұдан әрі – 4-кесте);

Осы Әдістемеге 7-қосымшаға сәйкес 5-кесте "Туризм салаларындағы және басқа салалардағы өндіріс шоттары" (бұдан әрі – 5-кесте);

Осы Әдістемеге 8-қосымшаға сәйкес 6-кесте "Ел ішіндегі туризмге қатысты ішкі ұсыныс пен тұтынудың жалпы көлемі" (бұдан әрі – 6-кесте);

Осы Әдістемеге 9-қосымшаға сәйкес 7-кесте "Туризм салаларындағы жұмыспен қамту" (бұдан әрі – 7-кесте);

Осы Әдістемеге 10-қосымшаға сәйкес 8-кесте "Туризм салаларындағы негізгі капиталдың жалпы жинақталуы" (бұдан әрі – 8-кесте);

Осы Әдістемеге 11-қосымшаға сәйкес 9-кесте "Өнімдер және мемлекеттік басқару органдарының деңгейлері бөлінісіндегі ұжымдық туристік тұтыну" (бұдан әрі – 9-кесте);

Осы Әдістемеге 12-қосымшаға сәйкес 10-кесте "Ақшалай емес көрсеткіштер" (бұдан әрі – 10-кесте).

11. 1, 2, 3-кестелер туристік тұтынуды туризм, туристік өнімдер түрлері және келушілер санаты бойынша құндық мәнде сипаттайды. 1-кестеде кіру туризмі, 2-кестеде ішкі туризм, ал 3-кестеде шығу туризмі қарастырылады. Туристік шығындардың көлемі мен құрылымы туристер және экскурсанттар үшін жеке-жеке анықталады.

12. 1-кестедегі келу туризміне қатысты тұтынуды есептеу үшін жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулар негізінде алынған бейрезидент келушілер шығыстарының құрылымына сәйкес туристік өнімдер бойынша бөлінетін қызметтер экспортындағы сапарлар және көліктік көрсетілетін қызметтер туралы әкімшілік деректер пайдаланылады.

13. 2-кестедегі ішкі туризмге қатысты тұтынуды есептеу үшін ішкі туристік сапарларды жүзеге асыруға резидент келушілердің туристік шығыстары, сондай-ақ кетер алдындағы ел ішінде жүзеге асырылған туристік шығу сапарларына шығыстары

туралы деректер пайдаланылады. Резидент келушілердің туристік шығыстары жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысандарының деректеріне негізделеді.

14. 3-кестедегі шығу туризміне қатысты тұтынуды есептеу үшін қызметтер импортындағы сапарлар және көліктік көрсетілетін қызметтер туралы әкімшілік деректер пайдаланылады. Алынған әкімшілік деректер жалпы мемлекеттік статистикалық нысанның негізінде алынған үй шаруашылықтарының Қазақстан Республикасынан тыс жердегі сапарларға жұмсаған шығыстарының құрылымына сәйкес туристік өнімдер бойынша бөлінеді.

15. 4-кестеде келу туризмі (1-кесте) және ішкі туризммен (2-кесте) байланысты шығыстар көрсеткіштерін және барлық қосымша компоненттердің, соның ішінде бизнес сапарлар жасайтын резидент келушілердің шығыстарын қосу арқылы ел ішіндегі туризмге қатысты тұтыну сияқты негізгі агрегатталған көрсеткішке баға беріледі.

16. ҰШЖ "Ресурстар-Пайдалану" кестесінің деректері 5 және 6-кестелерді құрастыру үшін негіз болып табылады.

17. 5-кестеде туризм салаларының және Қазақстан Республикасының басқа экономикалық салаларындағы өндіріс шоты көрсетілген. Туризм салаларының шығарылымы өнімдердің түрлері бойынша бөліністе ұсынылған және базистік бағаларда бағаланады. Аралық тұтыну сатып алушының бағасында бағаланады. Екі шаманың арасындағы айырмашылық базистік бағалардағы жалпы қосылған құн (бұдан әрі – ЖҚҚ) деп аталады және тұтас әрбір туризмнің саласына қатысы бар.

18. ЖҚҚ 5-кестедегі жалдамалы қызметкерлердің еңбекақысын төлеу, өнімдерге берілген субсидияларды шегергендегі басқа да салықтар және жалпы аралас табыс жолдарының сомасына тең. Туризмнің барлық салаларының ЖҚҚ жиыны (5.13-баған) Туризм салаларында құрылатын жалпы қосылған құн (бұдан әрі – ТСЖҚҚ) көрсеткішіне теңеседі.

19. 6-кестеде 4-кестеден ел ішіндегі туризмге қатысты тұтыну мен сатып алушылар бағасындағы ішкі ұсыныс салғастырылады. Ішкі ұсыныстың жалпы көлемі 5-кестедегі туризм салаларының ішкі шығарылымы мен импорт, өндірілген және импортталған өнімдерге субсидияларды шегергенде таза салықтар және сауда мен көліктік үстеме бағалар сияқты қосымша көрсеткіштердің сомасы арқылы шығарылады.

20. Туризмнің үлесі (пайызбен) 4-кестедегі ел ішіндегі туризмге қатысты тұтынудың ішкі ұсынысқа (6.4-баған) қатынасы арқылы анықталады. Туризмнің үлесі ұсыныстың әрбір жеке элементі шегіндегі ел ішіндегі туризмге жататын тұтыну үлесін білдіреді. Туризмнің үлесі Тікелей туризмде құрылатын жалпы қосылған құнның (бұдан әрі – ТТЖҚҚ) агрегатталған көрсеткішін бағалауда қолданылады.

21. Туризм саласының әрбір өнімі бойынша ел ішіндегі туризмге қатысты тұтынудың үлесі туризмнің үлесін пайдаланумен жеке негізде анықталады.

22. Әрбір жекелеген сала үшін әрбір өнімге сәйкес келетін туризм үлесінің сомасы ретінде оның түпкілікті өнімі (құндық мәндегі) шығарылымның көлеміндегі туризм үлесі айқындалады. Туризмнің үлесі аралық тұтыну компонентіне де, қосылған құнға да қатысты пайдаланылады.

23. Әрбір жекелеген сала үшін ел ішіндегі туризмге жататын жалпы тұтынуға өзі шығаратын түпкілікті өнім үлесіне сәйкес келетін жалпы қосылған құн (базистік бағаларда) белгіленеді және бұл шамалар туризм салаларымен қатар экономиканың басқа да салалары бойынша жинақталады. Барлық салалар бойынша жалпы қосылған құнның барлық бөліктерін жинақтау нәтижесінде ТТЖҚҚ-ға теңеседі.

24. ТҚШ шеңберінде ТТЖҚҚ келушілердің тұтынуымен байланысты туризм салаларымен және басқа салалармен құрылатын қосылған құнның бөлігі ғана көрсетеді.

25. 7-кесте туризм салаларындағы халықты жұмыспен қамтудың сандық бағалауын көрсетеді: жұмыспен қамтылған халық саны, жұмыс істеген сағаттар саны, халықтың толық жұмыспен қамтылу баламасында жұмыспен қамтылған халық саны. Жұмыспен қамтылу бойынша деректер жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысандары негізінде жынысы және жұмыспен қамтылу мәртебесі бөлінісінде экономикалық қызмет түрлері бойынша қалыптастырылады.

26. 8-кестеде туризм салаларындағы және экономиканың басқа салаларындағы негізгі капиталдың жалпы жинақталуы (бұдан әрі – НКЖЖ) анықталады. Негізгі қорларды сатып алу (шегеру) және негізгі капиталға салынған инвестициялар бойынша жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысандары НКЖЖ-ны бағалау үшін дереккөз болып табылады.

27. 9-кесте ұжымдық туристік тұтынуды сипаттайды және келушілердің бірге тұтынуы үшін мемлекеттік басқару органдарының әр түрлі деңгейлерімен ұсынылатын нарықтық емес қызметтерінің құнын көрсетеді. 9-кестені құруда көрсетілетін қызмет түрлері және басқару деңгейі бойынша ұжымдық туристік тұтыну шығыстары туралы әкімшілік дереккөздердің деректері пайдаланылады.

28. 10-кестеде туризм түрлері, келушілер санаты және тұрақтау ұзақтығы мен ел аумағына кіру үшін бейрезидент келушілер пайдаланатын көлік түрлері бойынша бөлінісіндегі сапарлар саны туралы ақшалай емес көрсеткіштер ұсынылған. Жалпымемлекеттік статистикалық байқаулардың қорытындылары және статистикалық бизнес-тіркелім ақпараттың дереккөзі болып табылады.

3-тарау. Туризм саласының негізі көрсеткіштерін есептеу

29. ТҚШ шеңберінде жыл сайынғы негізде агрегатталған көрсеткіштер: ел ішіндегі туризмге қатысты тұтыну, ТСЖҚҚ, ТСЖҚҚ нақты көлем индексі (бұдан әрі – НКИ), туризм саласындағы еңбек өнімділігінің индексі, ТТЖҚҚ, ТТЖҚҚ НКИ қалыптастырылады.

30. Тоқсандық негізде тұтас республика және өңірлер бөлінісінде туризм саласы бойынша келесі негізгі көрсеткіштер саналады:

туризм саласының ЖҚҚ;

туризм саласының ЖҚҚ НКИ-і;

туризм саласының еңбек өнімділігі;

туризм саласының еңбек өнімділігінің индексі;

туризм саласының негізгі капиталына салынған инвестициялар;

туризм саласының негізгі капиталына салынған инвестицияларының НКИ-і;

туризм саласында жұмыспен қамтылған халық саны.

31. Туризм саласының ЖҚҚ туристік өнімдерді өндірумен байланысты экономикалық қызмет түрлерінің ЖҚҚ-ның сомасы болып табылады. Туризм саласының ЖҚҚ бағалау тұрақты бағаларда туризм саласына жататын экономикалық қызмет түрлерін дефляторлау және экстраполяциялау әдісімен жүзеге асырылады.

32. Дефляторлау әдісі ағымдағы кезеңдегі тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің құнын базистік кезеңдегі бағамен салыстырғанда осы тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге ағымдағы кезеңдегі баға өзгерісін сипаттайтын индекске бөлуден тұрады. Қайта бағалау рәсімі жалпы алғанда мынадай үлгіде сипатталған:

$$\Sigma q_t p_0 = \frac{\Sigma q_t p_t}{I_{p_t/0}} \quad (1)$$

мұндағы:

Σp_0 - базистік кезең бағасындағы ағымдағы кезеңдегі тауарлар (көрсетілетін қызметтер) құны;

t - ағымдағы кезеңдегі тауарлар (көрсетілетін қызметтер) көлемі;

p_t және p_0 - ағымдағы және базистік кезеңдегі бағалар;

Σp_t - ағымдағы кезеңдегі ағымдағы бағамен тауарлар (көрсетілетін қызметтер) құны;

$I_{p_t/0}$ - базистік кезеңмен салыстырғандағы ағымдағы кезеңдегі бағалар индексі.

33. Экстраполяциялау әдісі тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің базистік кезеңдегі құнын ағымдағы кезеңде базистік кезеңмен салыстырғанда тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің осы жиынтығының нақты көлемінің өзгерісін көрсететін индекске көбейтуден тұрады. Рәсім жалпы алғанда мынадай үлгіде сипатталған:

$$\Sigma q_t p_0 = \Sigma q_0 p_0 * I_{q_t/0} \quad (2)$$

мұндағы:

Σp_0 - базистік кезеңдегі тауарлардың (көрсетілетін қызметтердің) құны;

q_0 - базистік кезеңдегі тауарлардың (көрсетілетін қызметтердің) көлемі;

I_t/o - ағымдағы кезеңдегі тауарлардың (көрсетілетін қызметтердің) базисті кезеңмен салыстырғандағы нақты көлем индексі.

34. Туризм саласының ЖҚҚ НКИ-і туризм саласының есепті кезеңдегі ЖҚҚ құнының базистік кезеңнің бағасымен бағаланған, базистік кезеңдегі оның құнына қатынасымен есептеледі:

$$I_q^{ЖҚҚ} = \frac{\sum q_t p_o}{\sum q_o p_o} \quad (3)$$

мұндағы:

$$I_q^{ЖҚҚ}$$

- туризм саласының нақты көлем индексі;

$S_t p_o$ - базистік кезең бағасындағы ағымдағы кезеңдегі туризм саласының құны;

$S_o p_o$ - базистік кезеңдегі туризм саласының құны.

35. Еңбек өнімділігі өндірістің басқа факторларымен еңбектің қаншалықты тиімді біріктірілгенін, бір жұмысшыға есептелгендегі қанша басқа ингредиенттердің қолда бар екендігін және жүзеге асырылған жүзеге асырылмаған техникалық прогресс қаншалықты тез көрініс табатындығын сипаттайды. Еңбек өнімділігі (мың теңге/адам) келесі формула бойынша есептеледі:

$$P_j = GVA/E \quad (4)$$

мұндағы:

P_j - еңбек өнімділігі, мың теңге/адам;

GVA – туризм саласының ЖҚҚ, мың теңге;

E – туризм саласындағы жұмыспен қамтылған халық саны, адам.

Жұмыспен қамтылған халық санына жалдамалы жұмыскерлер мен өзін-өзі жұмыспен қамтыған жұмыскерлер енгізілген.

36. Еңбек өнімділігінің индексін есептеу үшін келесі формула пайдаланылады:

$$I_p = \frac{I_{GVA_t}}{(L_t/L_{t-1})} \quad (5)$$

мұндағы:

I_p - туризм саласындағы еңбек өнімділігінің индексі, %;

I_{GVA_t} - есепті кезеңдегі туризм саласы бойынша ЖҚҚ нақты көлемінің индексі (%);

L_t - есепті кезеңдегі туризм саласындағы жұмыспен қамтылған халық саны, адам;

Lt-1 - өткен жылдың тиісті кезеңіндегі туризм саласындағы жұмыспен қамтылған халық саны, адам.

37. Туризм саласының негізгі капиталына салынған инвестициялар инвестициялық қызметті жүзеге асыратын респонденттерге жалпы мемлекеттік байқаудың алғашқы деректері негізінде қалыптасады.

38. Туризмді дамытумен байланысты инвестицияларға арнайы туристік негізгі қорлар, туризм саласы кәсіпорынының арнайы туристік санатқа байланысты емес негізгі қорларға инвестициясы және туризммен байланысты инфрақұрылымға инвестиция кіреді.

39. Инвестициялық қызметтің географиялық ауқымы инвестициялық қызметті жүзеге асыратын шаруашылық субъектілерін тіркеу орнына қарамастан инвестициялық салым есебінің оның нақты жүзеге асыру орны бойынша қарастырылады.

40. Салым бағытын (негізгі қорларды түпкілікті пайдалану) көрсететін пайдалану бағыты бойынша инвестициялар деректерді қалыптастыру кезінде ескеріледі.

41. Туризм саласының негізгі капиталына салынған инвестицияларды топтастыру экономикалық қызмет түрлеріне сәйкес пайдалану бағыттары бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялардың көлемдерін агрегаттау арқылы қалыптастырылады.

42. Туризм саласының негізгі капиталына салынған инвестициялардың НКИ-ін есептеу тиісті баға индекстерін (актив түрлері бойынша) пайдалана отырып есепті кезеңге деректерді дефляторлау әдісін қолдануға негізделеді.

43. Туризм саласында жұмыспен қамтылған халық санын есептеу үшін жұмыс орындары мен жұмыспен өтелген сағаттар саны бойынша екі негізгі топтама құрастырылады: біріншісі – жынысына сәйкес жұмыспен қамтылғандар бөлінісінде және екіншісі – жұмыспен қамтылу жіктелімінің оңайлатылған қағидаттарына сәйкес, жұмыс күшінің жалпы құрамынан тек жалдамалы қызметкерлер бөліп алынады.

44. Туризм саласында жұмыспен қамтылған халық саны ақпаратын жинау жынысы, жұмыспен қамтылу мәртебесі және экономикалық қызмет түрлері бойынша халыққа іріктемелі зерттеу жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

Туризмнің қосалқы шотын
қалыптастыру және туризм
саласының негізгі
көрсеткіштерін есептеу
бойынша әдістемеге
I-қосымша

Туристік өнімдер жіктелімі

A	Тұтыну өнімдері:
	A.1. Типтік туристік өнімдер

A.1.1. Туристік шығыстарды халықаралық салғастыру мақсаты үшін негізгі өнімдер болып табылатын халықаралық деңгейде салғастырылатын типтік туристік өнімдер						
1.	Келушілерді орналастыру бойынша	көрсетілетін қызметтер				
2.	Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының	көрсетілетін қызметтері				
3.	Жолаушылардың теміржол көлігінің	көрсетілетін қызметтері				
4.	Жолаушылардың жол көлігінің	көрсетілетін қызметтері				
5.	Жолаушылардың су көлігінің	көрсетілетін қызметтері				
6.	Жолаушылардың әуе көлігінің	көрсетілетін қызметтері				
7.	Көлік жабдығын жалға беру	көрсетілетін қызметтері				
8.	Туристік агенттіктер және брондау бойынша	басқа да көрсетілетін қызметтер				
9.	Мәдениет саласында	көрсетілетін қызметтер				
10.	Спорттық және рекреациялық көрсетілетін қызметтер					
A.1.2. Нақты елге тән типтік туристік өнімдер						
11.	Нақты ел үшін	типтік туристік тауарлар				
12.	Нақты ел үшін типтік туристік көрсетілетін қызметтер					
A.2. Өзге тұтыну өнімдері екі кіші категорияға бөлінеді, олардың әрқайсысын ел өзі анықтайды және тиісінше сол немесе басқа елге тән болып табылады:						
A.2.i. Аралас туристік өнімдер						
A.2.ii. Туризммен байланысты емес тұтыну өнімдері						
B. Тұтынуға жатпайтын өнімдер						
B.1. Белгілі бір құны бар тауарлар (суреттер, өнер туындылары, құндылықтар)						
B.2. Туризм салаларындағы негізгі капиталдың жалпы қорлануымен және туристік ұжымдық тұтынумен байланысты өнімдер кіретін өзге де тұтынылмайтын өнімдер.						

Туризмнің қосалқы шотын қалыптастыру және туризм саласының негізгі көрсеткіштерін есептеу бойынша әдістемеге 2-қосымша

Туризм саласының жіктелімі

	№	Туризм саласы	Код	Қызмет түрлері
Халықаралық деңгейде салғастырылатын	1	Келушілерді орналастыру	55	1. Тұруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтер
	2	Қоғамдық тамақтандыру	56	2. Тамақ өнімдері мен сусындар ұсыну бойынша көрсетілетін қызметтер
	3	Жолаушылардың теміржол көлігі	49.1	3. Жолаушылардың темір жол көлігі, калааралық
	4	Жолаушылардың жол көлігі	49.3	4. Өзге де құрлықтағы жолаушылар көлігі
	5	Жолаушылардың су көлігі	50.1 50.3	5. Теңізде және жағалау суларында жүретін жолаушылар көлігі 6. Жолаушылардың өзен көлігі
	6	Жолаушылардың әуе көлігі	51.1	7. Жолаушылардың әуе көлігі
	7	Көлік жабдығын жалға беру	77.11 77.21	8. Автомобильдер мен жеңіл автомобильдерді жалға алу және жалға беру 9. Ойын-сауық және спорттық құрал-саймандарды жалдау және жалға алу

8	Туристiк агенттiктер және брондаумен айналысатын басқа да ұйымдардың қызметi	79	10. Туристiк операторлардың, туристiк агенттiктердiң және туризм саласында қызмет көрсететiн өзге де ұйымдардың қызметi
9	Мәдениет саласында көрсетiлетiн қызметтермен байланысты қызмет	90 91	11. Шығармашылық, өнер және ойын-сауық саласындағы қызмет 12. Кiтапханалардың, архивтердiң, музейлердiң және мәдени қызмет көрсететiн басқа мекемелердiң қызметi
10	Спорттық және рекреациялық көрсетiлетiн қызметтермен байланысты қызмет	92 93	13. Құмар ойындар және бәс тiгудi ұйымдастыру қызметi 14. Спорт, демалыс пен ойын-сауықты ұйымдастыру саласындағы қызмет

Туризмнiң қосалқы шотын қалыптастыру және туризм саласының негiзгi көрсеткiштерiн есептеу бойынша әдiстемеге 3-қосымша

1-кесте. Өнiмдер және келушiлердiң санаттары бойынша бөлiнiсiндегi келу туризмiне қатысты тұтыну

мың теңге

Өнiмдер	Келу туризмiне қатысты шығындар		
	Туристтер	Экскурсанттар	Келушiлер
	(1.1)	(1.2)	(1.3) = (1.1) + (1.2)
А. Тұтыну өнiмдерi			
А.1 Типтiк туристiк өнiмдер			
1. Келушiлердi орналастыру бойынша көрсетiлетiн қызметтер		x	
2. Қоғамдық тамақтандыру кәсiпорындарының көрсетiлетiн қызметтерi			
3. Жолаушылардың темiржол көлiгiнiң көрсетiлетiн қызметтерi			
4. Жолаушылардың жол көлiгiнiң көрсетiлетiн қызметтерi			
5. Жолаушылардың су көлiгiнiң көрсетiлетiн қызметтерi			
6. Жолаушылардың әуе көлiгiнiң көрсетiлетiн қызметтерi			
7. Көлiк жабдығын жалға беру қызметтерi			
8. Туристiк агенттiктер және брондау бойынша басқа да көрсетiлетiн қызметтер			
9. Мәдениет саласында көрсетiлетiн қызметтер			
10. Спорттық және рекреациялық көрсетiлетiн қызметтер			
11. Нақты ел үшін типтiк туристiк тауарлар			
12. Нақты ел үшін типтiк туристiк көрсетiлетiн қызметтер			
А.2. Өзге де тұтыну өнiмдерi			
В.1. Белгiлi бiр құндылығы бар бұйымдар			

әуе көлігінің көрсетілетін қызметтері								
7. Көлік жабдығын жалға беру қызметтері								
8. Туристік агенттіктер және брондау бойынша басқа да көрсетілетін қызметтер								
9. Мәдениет саласында көрсетілетін қызметтер								
10. Спорттық және рекреациялық көрсетілетін қызметтер								
11. Нақты ел үшін типтік туристік тауарлар								
12. Нақты ел үшін типтік туристік көрсетілетін қызметтер								
A.2. Өзге де тұтыну өнімдері								
B.1. Белгілі бір құндылығы бар бұйымдар								
Барлығы								

Ескертпе: х – осы позиция толтыруға жатпайды.

Туризмнің қосалқы шотын
калыптастыру және туризм
саласының негізгі
көрсеткіштерін есептеу
бойынша әдістемеге
5-қосымша

3-кесте. Өнімдер және келушілердің санаттары бойынша бөлінісіндегі шығу туризміне қатысты тұтыну

мың теңге

Өнімдер	Шығу туризміне қатысты шығыстар		
	Туристер	Экскурсанттар	Келушілер
	(1.1)	(1.2)	(1.3) = (1.1) + (1.2)

А. Тұтыну өнімдері			
А.1 Типтік туристік өнімдер			
1. Келушілерді орналастыру бойынша көрсетілетін қызметтер		x	
2. Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының көрсетілетін қызметтері			
3. Жолаушылардың теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтері			
4. Жолаушылардың жол көлігінің көрсетілетін қызметтері			
5. Жолаушылардың су көлігінің көрсетілетін қызметтері			
6. Жолаушылардың әуе көлігінің көрсетілетін қызметтері			
7. Көлік жабдығын жалға беру қызметтері			
8. Туристік агенттіктер және брондау бойынша басқа да көрсетілетін қызметтер			
9. Мәдениет саласында көрсетілетін қызметтер			
10. Спорттық және рекреациялық көрсетілетін қызметтер			
11. Нақты ел үшін типтік туристік тауарлар			
12. Нақты ел үшін типтік туристік көрсетілетін қызметтер			
А.2. Өзге де тұтыну өнімдері			
В.1. Белгілі бір құндылығы бар бұйымдар			
Барлығы			

Ескертпе: x – осы позиция толтыруға жатпайды.

Туризмнің қосалқы шотын
калыптастыру және туризм
саласының негізгі
көрсеткіштерін есептеу
бойынша әдістемеге
6-қосымша

4-кесте. Өнімдер бойынша бөлінісіндегі ел ішіндегі туризмге қатысты тұтыну

мың теңге

Өнімдер	Келу туризміне қатысты шығыстар	Ішкі туризмге қатысты шығыстар	Ел ішіндегі туризмге қатысты шығыстар	Бизнес сапарлар	Туристік тұтынудың өзге де компоненттері	Е л ішіндегі туризмге қатысты тұтыну
	(1.3)	(2.9)	$(4.1) = (1.3) + (2.9)$	(4.2)	(4.3)	$(4.4) = (4.1) + (4.2) + (4.3)$
А. Тұтыну өнімдері						
А.1 Типтік туристік өнімдер						
1. Келушілерді орналастыру бойынша көрсетілетін қызметтер						
2. Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының көрсетілетін қызметтері						

3. Жолаушылардың теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтері						
4. Жолаушылардың жол көлігінің көрсетілетін қызметтері						
5. Жолаушылардың су көлігінің көрсетілетін қызметтері						
6. Жолаушылардың әуе көлігінің көрсетілетін қызметтері						
7. Көлік жабдығын жалға беру қызметтері						
8. Туристік агенттіктер және брондау бойынша басқа да көрсетілетін қызметтер						
9. Мәдениет саласында көрсетілетін қызметтер						
10. Спорттық және рекреациялық көрсетілетін қызметтер						
11. Нақты ел үшін типтік туристік тауарлар						
12. Нақты ел үшін типтік туристік көрсетілетін қызметтер						
A.2. Өзге де тұтыну өнімдері						
B.1. Белгілі бір құндылығы бар бұйымдар						
Барлығы						

Туризмнің қосалқы шотын
калыптастыру және туризм
саласының негізгі
көрсеткіштерін есептеу
бойынша әдістемеге
7-қосымша

5-кесте. Туризм салаларындағы және басқа салалардағы өндіріс шоттары

мың теңге

Өнімдер	Келушілерді орналастыру	Қоғамдық тамақтандыру	Жолаушылардың теміржол көлігі	Жолаушылардың жол көлігі	Жолаушылардың су көлігі	Жолаушылардың әуе көлігі	Қосалқы шот
	(5.1)	(5.2)	(5.3)	(5.4)	(5.5)	(5.6)	(5.7)
A. Тұтыну өнімдері							

A.1 Типтік туристік өнімдер						
1. Келушілерді орналастыру бойынша көрсетілетін қызметтер						
2. Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының көрсетілетін қызметтері						
3 . Жолаушылардың теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтері						
4 . Жолаушылардың жол көлігінің көрсетілетін қызметтері						
5 . Жолаушылардың су көлігінің көрсетілетін қызметтері						
6 . Жолаушылардың әуе көлігінің көрсетілетін қызметтері						
7. Көлік жабдығын жалға беру қызметтері						
8. Туристік агенттіктер және брондау бойынша басқа да көрсетілетін қызметтер						
9. Мәдениет саласында көрсетілетін қызметтер						
10. Спорттық және рекреациялық көрсетілетін қызметтер						

11. Нақты ел үшін типтік туристік тауарлар							
12. Нақты ел үшін типтік туристік көрсетілетін қызметтер							
A.2. Өзге де тұтыну өнімдері							
B. Тұтынуға қатысты емес өнімдер							
B.1. Белгілі бір құндылығы бар бұйымдар							
B.2. Тұтынуға қатысты емес, өзге де өнімдер							
тауарлар							
көрсетілетін қызметтер							
I. Жалпы шығарылым көлемі (базистік бағаларда)							
II. Аралық тұтынудың жалпы көлемі (сатып алушылардың бағаларында)							
(I–II). Жалпы қосылған құн (базистік бағаларда)							
Жалдамалы қызметкерлердің еңбекақысын төлеу							
Өнімдерге берілген субсидияларды шегергендегі басқа салықтар							
Жалпы аралас табыс							

5-кестенің жалғасы

	Туристiк агенттiктер жәнe	Мәдениет саласында	Спорттық жәнe	Нақты елге тән типтiк	Нақты елге тән			
--	---------------------------	--------------------	---------------	-----------------------	----------------	--	--	--

9. Мәдениет саласында көрсетілетін қызметтер								
10. Спорттық және рекреациялық көрсетілетін қызметтер								
11. Нақты ел үшін типтік туристік тауарлар								
12. Нақты ел үшін типтік туристік көрсетілетін қызметтер								
A.2. Өзге де тұтыну өнімдері								
B. Тұтынуға қатысты емес өнімдер								
B.1. Белгілі бір құндылығы бар бұйымдар								
B.2. Тұтынуға қатысты емес, өзге де өнімдер								
тауарлар								
көрсетілетін қызметтер								
I. Жалпы шығарылым көлемі (базистік бағаларда)								
II. Аралық тұтынудың жалпы көлемі (сатып алушылардың бағаларында)								
(I–II). Жалпы қосылған құн (базистік бағаларда)								
Жалдамалы қызметкерлердің еңбекақысын төлеу								
Өнімдерге берілген								

1. Келушілерді орналастыру бойынша көрсетілетін қызметтер								
2. Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының көрсетілетін қызметтері								
3 . Жолаушылардың теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтері								
4 . Жолаушылардың жол көлігінің көрсетілетін қызметтері								
5 . Жолаушылардың су көлігінің көрсетілетін қызметтері								
6 . Жолаушылардың әуе көлігінің көрсетілетін қызметтері								
7. Көлік жабдығын жалға беру көрсетілетін қызметтері								
8. Туристік агенттіктер және брондау бойынша басқа да көрсетілетін қызметтер								
9. Мәдениет саласында көрсетілетін қызметтер								
10. Спорттық және рекреациялық көрсетілетін қызметтер								
11. Нақты ел үшін типтік туристік тауарлар		x		x		x		x

12. Нақты ел үшін типтік туристік көрсетілетін қызметтер								
А.2. Өзге де тұтыну өнімдері								
В. Тұтынуға қатысты емес өнімдер								
В.1. Белгілі бір құндылығы бар бұйымдар		x		x		x		x
В.2. Тұтынуға қатысты емес, өзге де өнімдер								
тауарлар								
көрсетілетін қызметтер								
І. Жалпы шығарылым көлемі (базистік бағаларда)								
ІІ. Аралық тұтынудың жалпы көлемі (сатып алушылардың бағаларында)								
(І–ІІ). Жалпы қосылған құн (базистік бағаларда)								
Жалдамалы қызметкерлердің еңбекақысын төлеу								
Өнімдерге берілген субсидияларды шегергендегі басқа салықтар								
Жалпы аралас табыс								

Ескертпе: x – осы позиция толтыруға жатпайды.

6-кестенің жалғасы

	Өзге салалар	Барлық отандық өндірушілердің	Импорт	Өндірілген және ұлттық деңгейде импортталған өнімдерге
--	--------------	-------------------------------	--------	--

9. Мәдениет саласында көрсетілетін қызметтер								
10. Спорттық және рекреациялық көрсетілетін қызметтер								
11. Нақты ел үшін типтік туристік тауарлар		x		x		x		
12. Нақты ел үшін типтік туристік көрсетілетін қызметтер								
A.2. Өзге де тұтыну өнімдері								
B. Тұтынуға қатысты емес өнімдер								
B.1. Белгілі бір құндылығы бар бұйымдар		x		x		x		
B.2. Тұтынуға қатысты емес, өзге де өнімдер								
тауарлар								
көрсетілетін қызметтер								
I. Жалпы шығарылым көлемі (базистік бағаларда)								
II. Аралық тұтынудың жалпы көлемі (сатып алушылардың бағаларында)								
(I–II). Жалпы қосылған құн (базистік бағаларда)								
Жалдамалы қызметкерлердің еңбекақысын төлеу								
Өнімдерге берілген								

субсидияларды шегергендегі басқа салықтар								
Жалпы аралас табыс								

Ескертпе: x – осы позиция толтыруға жатпайды.

6-кестенің жалғасы

Өнімдер	Сауда және көлік үстемелері		Ішкі ұсыныс (сатып алушылар бағаларында)		Е л ішіндегі туризмге қатысты тұтыну	Туризмнің үлесі (%)
	Шығарылым (6.3)	Туризмнің үлесі (құны бойынша)	Шығарылым (6.4) = (5.15) + (6.1) + (6.2) + (6.3)	Туризмнің үлесі (құны бойынша)		
А. Тұтыну өнімдері						
А.1 Типтік туристік өнімдер						
1. Келушілерді орналастыру бойынша көрсетілетін қызметтер	x	x				
2. Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының көрсетілетін қызметтері	x	x				
3. Жолаушылардың теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтері	x	x				
4. Жолаушылардың жол көлігінің көрсетілетін қызметтері	x	x				
5. Жолаушылардың су көлігінің көрсетілетін қызметтері	x	x				
6. Жолаушылардың әуе көлігінің көрсетілетін қызметтері	x	x				
7. Көлік жабдығын жалға беру көрсетілетін қызметтері	x	x				
8. Туристік агенттіктер және брондау бойынша басқа да көрсетілетін қызметтер	x	x				
9. Мәдениет саласында көрсетілетін қызметтер	x	x				

10. Спорттық және рекреациялық көрсетілетін қызметтер	x	x				
11. Нақты ел үшін типтік туристік тауарлар	x	x				
12. Нақты ел үшін типтік туристік көрсетілетін қызметтер	x	x				
A.2. Өзге де тұтыну өнімдері	x	x				
B. Тұтынуға қатысты емес өнімдер	x	x				
B.1. Белгілі бір құндылығы бар бұйымдар	x	x				
B.2. Тұтынуға қатысты емес, өзге де өнімдер	x	x				
тауарлар						
көрсетілетін қызметтер						
I. Жалпы шығарылым көлемі (базистік бағаларда)						
II. Аралық тұтынудың жалпы көлемі (сатып алушылардың бағаларында)						
(I–II). Жалпы қосылған құн (базистік бағаларда)						
Жалдамалы қызметкерлердің еңбекақысын төлеу						
Өнімдерге берілген субсидияларды шегергендегі басқа салықтар						
Жалпы аралас табыс						

Ескертпе: x – осы позиция толтыруға жатпайды.

Туризмнің қосалқы шотын
калыптастыру және туризм
саласының негізгі
көрсеткіштерін есептеу
бойынша әдістемеге
9-қосымша

7-кесте. Туризм салаларындағы жұмыспен қамту

Туризм салалары	Мекемелер саны	Жұмыспен қамтылған халық саны, адам*	
		Жалдамалы қызметкерлер	Өзін өзі жұмыспен қамтығандар

	Ерлер	Әйелдер	Барлығы	Ерлер	Әйелдер	Барлығы
1.Келушілерді орналастыру						
2.Қоғамдық тамақтандыру						
3.Жолаушылардың теміржол көлігі						
4.Жолаушылардың жол көлігі						
5.Жолаушылардың су көлігі						
6.Жолаушылардың әуе көлігі						
7.Көлік жабдығын жалға беру						
8.Туристік агенттіктер және брондаумен айналысатын басқа да ұйымдардың қызметі						
9.Мәдениет саласында көрсетілетін қызметтермен байланысты қызмет						
10. Спорттық және рекреациялық көрсетілетін қызметтермен байланысты қызмет						
11.Нақты елге тән типтік туристік тауарлар үшін бөлшек сауда						
12. Нақты елге тән туризмдегі қызметтің басқа да типтік түрлері						

7-кестенің жалғасы

Жұмыс істеген сағаттар саны*						Толық жұмыспен қамтылу баламасындағы жұмыспен қамтылған халық саны, адам*					
Жалдамалы қызметкерлер			Өзін өзі жұмыспен қамтығандар			Жалдамалы қызметкерлер			Өзін өзі жұмыспен қамтығандар		
Ерлер	Әйелдер	Барлығы	Ерлер	Әйелдер	Барлығы	Ерлер	Әйелдер	Барлығы	Ерлер	Әйелдер	Барлығы

Ескертпе: * Халықтың жұмыспен қамтылуын іріктеп зерттеудің деректерін пайдаланумен бағалау.

Туризмнің қосалқы шотын
калыптастыру және туризм
саласының негізгі
көрсеткіштерін есептеу
бойынша әдістемеге
10-қосымша

8-кесте. Туризм салаларындағы негізгі капиталдың жалпы жинақталуы

мың теңге

Өнімдер	Туризм салалары						
	Келушілерді орналастыру	Қоғамдық тамақтандыру	Жолаушылардың теміржол көлігі	Жолаушылардың жол көлігі	Жолаушылардың су көлігі	Жолаушылардың әуе көлігі	Көл жабды жал беру
	(8.1)	(8.2)	(8.3)	(8.4)	(8.5)	(8.6)	(8.7)
I. Ерекше туристік негізгі активтер							
1. Қонақ үйлер және мейрамханалар							
2. Туризм салаларында пайдалануға келетін тұрғын емес ғимараттар мен имараттар							
3. Туризм мақсатындағы жолаушылар көлігіне арналған жабдықтар							
4. Типтік туристік тауарларды өндіруге арналған басқа машиналар және жабдықтар	x	x	x	x	x	x	x
5. Туризм мақсаттарына пайдаланылатын жерлерді абаттандыру	x	x	x	x	x	x	x
II. Ерекше туристік емес өнімдердің басқа да өндірілген активтеріндегі туризм							

салаларының инвестициялары							
(I + II) Барлығы							
Меморандум тармағы:							
III. Өзге қаржылық емес активтер							

Ескертпе: х – осы позиция толтыруға жатпайды.

8-кестенің жалғасы

Өнімдер	Туризм салалары						
	Мәдениет саласында көрсетілетін қызметтермен байланысты қызмет	Спорттық және рекреациялық көрсетілетін қызметтермен байланысты қызмет	Нақты елге тән типтік туристік тауарлар үшін бөлшек сауда	Нақты елге тән туризмдегі қызметтің басқа да типтік түрлері	Туризмдегі негізгі капиталдың жалпы жинақталуы	Басқа салалар	Тұтас экономикадағы негізгі капиталдың жалпы жинақталуы
	(8.9)	(8.10)	(8.11)	(8.12)	(8.13)	(8.14)	(8.15) = (8.13) + (8.14)
I. Ерекше туристік негізгі активтер							
1. Қонақ үйлер және мейрамханалар							
2. Туризм салаларында пайдалануға келетін тұрғын емес ғимараттар мен имараттар							
3. Туризм мақсатындағы жолаушылар көлігіне арналған жабдықтар							
4. Типтік туристік тауарларды өндіруге арналған басқа машиналар және жабдықтар	x	x	x	x	x	x	x
5. Туризм мақсаттарына пайдаланылатын	x	x	x	x	x		x

жерлерді абаттандыру						x	
II. Ерекше туристік емес өнімдердің басқа да өндірілген активтеріндегі туризм салаларының инвестициялары							
(I + II) Барлығы							
Меморандум тармағы:							
III. Өзге қаржылық емес активтер							

Ескертпе: x – осы позиция толтыруға жатпайды.

Туризмнің қосалқы шотын
калыптастыру және туризм
саласының негізгі
көрсеткіштерін есептеу
бойынша әдістемеге
11-қосымша

9-кесте. Өнімдер және мемлекеттік басқару органдарының деңгейлері бөлінісіндегі ұжымдық туристік тұтыну

Өнімдер	Мемлекеттік басқару органдарының деңгейлері			Ұжымдық туристік тұтыну (9.4) = (9.1) + (9.2) + (9.3)	Меморандум тармағы Туризм салалары бөлінісіндегі аралық тұтыну
	Ұлттық (9.1)	Өңірлік (9.2)	Жергілікті (9.3)		
Туризм саласындағы жарнамалық көрсетілетін қызметтер			x		x
Келушілерге арналған ақпараттық көрсетілетін қызметтер			x		x
Көтерме және бөлшек саудаға, қоғамдық тамақтандыру, қонақ үйлер және мейрамханаларға қатысты мемлекеттік әкімшілік көрсетілетін қызметтер			x		x
Туризм саласындағы істерге қатысты мемлекеттік әкімшілік көрсетілетін қызметтер			x		x
Барлығы			x		x

Ескертпе: x – осы позиция толтыруға жатпайды.

Туризмнің қосалқы шотын

10-кесте. Ақшалай емес көрсеткіштер

Туризм түрлері және келушілер санаттары бойынша бөлінген сапарлар саны мен өткізілген түндердің саны

	Келу туризмі			Ішкі туризм			Шығу туризмі		
	Туристтер	Экскурсанттар	Келушілер	Туристтер	Экскурсанттар	Келушілер	Туристтер	Экскурсанттар	Келушілер
Сапарлардың саны									
Өткізілген түндер саны		x			x			x	

Ескертпе: x – осы позиция толтыруға жатпайды.

Келу туризмі: Көлік түрлері бойынша бөлінісіндегі келу саны мен өткізілген түндер саны

	Келіп тоқтау саны	Өткізілген түндер саны
1. Өуе көлігі		
2. Су көлігі		
3. Жер көлігі		
3.1. темір жол көлігі		
3.2. қалааралық экскурсия және қала автобустары және жалпы пайдаланымдағы жолдардағы басқа көліктер		
3.3. көлік құралдарын жалға алу		
3.4. жеке көлік		
3.5. жер үсті көлігінің басқа түрлері		
Барлығы		

Орналастыру орындарының нысандары бөлінісіндегі орналастыру орындары бойынша мекемелер және мүмкіндіктер саны

	Келушілерді орналастыру			Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар	
	Қысқа мерзімді орналастыруды ұйымдастыру бойынша қызмет	Кемпингке арналған алаңдар, туристік автофургондар мен трейлер-парклер үшін тұрақтар	Орналастырудың басқа түрлері	Жеке немесе жалға алынған жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар	Қызметке төлем негізінде немесе шарттық негізде жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар
Мекемелер саны					

Орналастыру орындары (нөмірлер саны)															
Орналастыру орындары (төсек-орын саны)															
Пайдалану мүмкіндіктері (нөмірлер саны)															
Пайдаланылған мүмкіндіктер (төсек-орын саны)															

Жұмыс орындарының орташа саны бойынша жіктелетін туризм салаларындағы мекемелер саны

Туризм салалары	<= 5	6-10	11-20	21-30	31-40	41-50	51-100	101-150	151-200	201-250	251-500	501-1000	> 1000	Барлығы
1.Келушілерді орналастыру														
2.Қоғамдық тамақтандыру														
3.Жолаушылардың теміржол көлігі														
4.Жолаушылардың жол көлігі														
5.Жолаушылардың су көлігі														
6.Жолаушылардың әуе көлігі														
7.Көлік жабдығын жалға беру														
8.Туристік агенттіктер және брондаумен айналысатын басқа да ұйымдардың қызметі														
9.Мәдениет саласында көрсетілетін қызметтермен байланысты қызмет														
10.Спорттық және рекреациялық көрсетілетін қызметтермен байланысты қызмет														
11.Нақты елге тән типтік туристік тауарлар үшін бөлшек сауда														
12. Нақты елге тән туризмдегі қызметтің басқа да типтік түрлері														
Барлығы														